

**«Жарқын болашаққа қадам» тұрақты дамудың 15-мақсатын жүзеге асыру
жолында жасалынып жатқан жұмыстар**

*«Біз табиғаттың өзін қайта түлететін ұрпақпыз. Жер, су, ауа – адам баласының ұрпағынан-ұрпағына мұра болып келе жатқан мол қазына...
Әрбір ағашты, әрбір бұтақты, жалғыз дәнді де ыждаһаттылықпен сақтау,
қамқор болу – басты міндеттің бірі».*

Ыбырай Жақаев

Экологиялық келелі мәселелер адамзат дамуының барлық тарихи кезеңдерінде орын алып отырды. Бірақ өндірістік қоғам мен демографиялық қарқынды даму кезеңінде адамзаттың табиғатқа теріс әсерінің нәтижелері ғаламдық сипатқа ие болды. Экологиялық мәселенің мәні – табиғаттағы қалыптасқан тепе-теңдікті бұзбай, миллиардтаған адамдардың барлық қажеттіліктерін қамтамасыз ету. Биосфераны қорғау мен сақтап қалу басты мәселе болып отыр. Экологиялық мәселелердің алдын алу үшін адам ретсіз дамудан тиімді, реттелген, табиғат пен қоғамның даму заңдарына негізделген дамуға өтуі тиіс. Тек осы кезде ғана адамзат қоғамының дамуы үздіксіз, ұзақ мерзімді, бірқалыпты жағдайда, табиғи және әлеуметтік дағдарыссыз дамиды. Мұндай дамуды тұрақты даму деп атайды. Бірақ бұл үшін адамдардың сана-сезімі, олардың мақсаты мен адамгершілік бағыттылығы өзгеруі тиіс. Планетадағы тіршілікті қорғау үшін бүкіл адамзаттың бірігуі қажет. 1987 жылы БҰҰ-ның Дүниежүзілік қоршаған орта мен даму комиссиясы «Біздің жалпы болашағымыз» атты есебінде «қоршаған орта үшін қауіпсіз жолда экономикалық дәуірге» аяқ басуға шақырды. Алғаш рет «тұрақты даму» концепциясы ұсынылды. «Тұрақты даму» – қазіргі уақыттың қажеттілігін қамтамасыз ете отырып, болашақ ұрпақтардың өзінің қажеттіліктерін қамтамасыз етуіне қауіп туғызбайтын даму. «Біз ата-бабаларымыздың Жерін мұраға алған жоқпыз. Біз оны өзіміздің балаларымыздан қарызға алдық» (БҰҰ материалынан).

1992 жылдың маусым айында Рио-де-Жанейро қаласында өткен БҰҰ-ның қоршаған орта мен даму бойынша өткен конференциясы «Тұрақты даму» концепциясын және «XXI ғасырдың күн тәртібіне» атты ауқымды бағдарламасын қабылдады. Бұл бағдарламада шешілуі болашақта тұрақты дамуды қамтамасыз ететін жалпы мәселелер қарастырылған. ТДМ-2030 1) азаматтардың өмір сапасын арттыруға, 2) мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуына, 3) экологиялық тұрақтылығына бағытталған 2030 жылға дейінгі мақсаттар мен индикаторлардың кешенді жинағы болып табылады. ТДМ 2030 жылға дейін жетуге тиіс 17 мақсаттан, сондай-ақ, оларға байланысты 169 міндеттерден және 242 индикатордан тұрады. ТДМ үш компонентті біріктіру арқылы тұрақты дамуға жетуіне жәрдемдесуге тиіс: 1) экономикалық, 2) әлеуметтік, 3) экологиялық.

Тұрақты дамудың үш компоненті арасындағы тығыз өзара байланыстың болуы климаттық өзгерістердің маңызды салдарлары және шектелген табиғи ресурстарды сақтау және «жасыл» экономикаға ауысу қажеттілігі айқын болған қазіргі жағдайда ерекше өзектілікке ие болады. 2030 жылға дейін тұрақты даму мақсаттары:

Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) - бұл кедейлік пен кедейлікті жоюға, теңсіздік пен әділетсіздікке қарсы тұруға, жер шарын қорғауға және барлық адамдар үшін бейбітшілік пен гүлденуді қамтамасыз етуге бағытталған әлемде қабылданған мақсаттар. 2030 жылға дейін 17 негізгі бағыттар таңдалды, олардың жүзеге асырылуы елді өмірдің барлық негізгі салаларының тұрақты дамуына және осы әлемдегі әрбір адамға қатысты жаһандық мәселелерді шешуге жетелейді.

ТДМ-ын енгізу және оған қол жеткізу процесі БҰҰ өкілдері тарапынан да, Қазақстан Республикасының үкіметі тарапынан үнемі бақыланады. ТДМ-на тиімді жету үшін ведомствоаралық және тұрақты дамудың мақсаттық индикаторлары жөніндегі сарапшылар тобы (ТДМ - ИСТ) БҰҰ-ға мүше әр мемлекет үшін осы көрсеткіштерді мемлекет меншігіне айналдыру мүмкіндігі бар ғаламдық көрсеткіштер жүйесін жасады. Бүгінгі күні Қазақстанның ТДМ-на қол жеткізу мониторинг жүйесі 280 индикаторды қамтиды, оның 205-і ғаламдық, ал 75-і ұлттық индикаторлар.

5 НЕГІЗГІ БАҒЫТ

[Адамдар](#). Кедейшілікті жою, гендерлік теңдік, салауатты өмірді қамтамасыз ету, білім беру ;

[Планета](#) . Құрлықтың экожүйелерін және су ресурстарын ұтымды пайдалану, климаттың өзгеруі.

[Өркендеу](#). Инклюзивтік өсу және экономикалық өзгерістер.

[Әлем](#). Қауіпсіз және бейбіт қоғам, күшті институттар, сот төрелігі.

[Серіктестік](#). Тұрақты даму мақсатындағы жаһандық серіктестік, ресурстарды жұмылдыру, технологиялар, әлеуетті арттыру, сауда

ҚҰРЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕЛЕРІН САҚТАУ

- Біздің планетамыздағы жердің шамамен 31% -ы ормандармен жабылған.
- Ормандар бізді өмірлік ресурстармен қамтамасыз етеді - ауамен ауыз сумен және тамақпен.
- Планетадағы 1,6 миллиард адам үшін орман - тіршілік көзі.
- Кедейлік шегінен төмен өмір сүретін әлем халқының 75% дерлік жердің деградациясы тікелей әсер етеді.

- Құрлықта тіршілік ететін жануарлар, өсімдіктер мен жәндіктердің барлық түрлерінің 80% -дан астамы ормандарда шоғырланған. Малдың белгілі 8300 түрінің 8% -ы жойылды, 22% -ы жойылу алдында тұр.
- Биоалуантүрлілік және оған тәуелді экожүйелік қызметтер климаттың өзгеруіне бейімделудің және апаттардың қаупін азайтудың негізгі стратегиясы болып табылады,
- Өйткені олар адамның климаттың өзгеруіне осалдығын төмендететін жеңілдіктер жасайды.
- Табиғи ландшафттар рухани құндылықтармен, діни және дәстүрлі ілімдермен тығыз байланысты.

Тұрақты даму табиғи қорларды олардың байлығы мен біртұтастығы толық сақталатындай етіп тиімді пайдалануға бағытталған және адам дамуы мәселелеріне денсаулық, тамақтану, тағы да басқа мәселелердің бірқатарын ескере отырып кешенді түрде қарау қажет деген ұғымды білдіреді. Ғаламшар халқының өсуі, табиғи ресурстарға қажеттіліктің артуы және өнеркәсіптің қарқынды дамуы әлемді тұрақты емес дамуға әкелуі мүмкін. Халықтың және өндірістің өсу қарқыны Жердің ғаламдық экожүйесінің қазіргі өндіру әлеуетіне, оның сыйымдылығына, мүмкіншілігіне сай келе бермейді. Бүкіл ғаламшар халқының қарапайым қажеттіліктерін қанағаттандыру және өмір сүруге қолайлы жағдай жасау – ол бірінші кезекте шешуді талап ететін маңызды проблеманың бірі. Экологиялық және демографиялық апаттардың пайда болуының басты себептерінің бірі ретінде аштық, кедейшілік, ауру мен жұмыссыздықты атауға болады. Олар, өкінішке орай, бүгінде әлемнің бірқатар елдерінде әдеттегі құбылысқа айналған. Бұл үдерістер дүниежүзіндегі тұрақты экологиялық және экономикалық дамуды тежеуде. Рим клубының аясында әлемдік дамудың негізгі факторлары ескерілген ғаламдық даму моделі әзірленді. Ол демографиялық, индустриялық, қоршаған орта ластануының өсуі (экологиялық), әлеуметтік сияқты проблемаларды шешіп, тұрақты дамуды айқындайды деп күтіледі. Тұрақты дамуға көшу үшін бүкіләлемдік маңызы бар бірнеше өзара байланысты өтпелі үдерістерді жүзеге асыру ұсынылады. Өтпелі кезең стратегиясының құрамбөліктері өзара байланысты ғана емес, сондай-ақ оларды жүзеге асыру ғаламдық геоэкологиялық дағдарыстарды еңсеру үшін қажетті шарт болып табылады. Бүкіләлемдік, ғаламдық өтпелі үдерістерге деген қажеттілік экосферасының антропогендік өзгерістері артқан сайын күшейетін болады. Сонымен бірге тұрақты кезең факторларының құрамбөліктері арасындағы өзара тәуелділік артады.

«Жарқын болашаққа қадам»

ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТЫ-15-Жердегі экожүйелерді қорғау, қалпына келтіру және тұрақты пайдалануды ынталандыру бағытындағы мектепшілік жоба

Жобаның өзектілігі:

Табиғи ресурстардың деградацияға ұшырауы, қоршаған ортаның ластануы және биологиялық алуан түрліктің жойылуы экожүйелердің өздері-өзін қалпына келтіру қабілеттерін төмендеуі шарықтау шегіне жетуде. Қазіргі уақыттың қажеттілігін қамтамасыз ете отырып, болашақ ұрпақтардың мұқтаждығын орындау-ең маңызды ғаламдық мәселе.

Жобаның міндеттері:

-Экологиялық сенбіліктер, кештер, экскурсиялар өткізіп, қоршаған ортаны қорғау, қамқорлық жасау;

-Қағаз қалдықтарын қайта өңдеу жұмысын қолға алу;

-Экологиялық таза тағамды тұтыну арқылы, денсаулық сақтауға үйрету;

-Экологиялық бағытта ғылыми-шығармашылық жобалар дайындап, қорғау, бастамаларды жүзеге асыру.

Жобаның мақсаттары:

-Мектеп оқушыларының экологиялық сауаттылығын дамыту арқылы қоршаған ортаға деген оң көзқарастарын қалыптастыру, табиғатты қорғауға бағытталған өмір сүру салтының басты қағидаттарын ұсыну;

-«Табиғатты тиімді пайдалану өз қолымызда!» деген бастамамен қоршаған ортаны жақсарту үшін белсенді әрекет етуге үйрету;

-Оқушыларды ғылыми жоба дайындау, экологиялық еріктілік, сенбілік жұмыстары арқылы шығармашылыққа, мейірімділікке, ізденімпаздыққа баулу.

Жобаның мақсаттары:

-Мектеп оқушыларының экологиялық сауаттылығын дамыту арқылы қоршаған ортаға деген оң көзқарастарын қалыптастыру, табиғатты қорғауға бағытталған өмір сүру салтының басты қағидаттарын ұсыну;


-«Табиғатты тиімді пайдалану өз қолымызда!» деген бастамамен қоршаған ортаны жақсарту үшін белсенді әрекет етуге үйрету;

-Оқушыларды ғылыми жоба дайындау, экологиялық еріктілік, сенбілік жұмыстары арқылы шығармашылыққа, мейірімділікке, ізденімпаздыққа баулу.


«Жарқын болашаққа қадам» экожобасының 2023-2024 жылдарға арналған жұмыс жоспары.

	Атқаратын жұмыс тізімі	Мерзімі	Жетекшісі
1	Экожобаны жоспарлау, пікірлесу, алғашқы қадамдар. Экосенбіліктер ұйымдастыру.	Қыркүйек 2023ж.	әдістемелік бірлестік мүшелері
2	Экожоба аясында оқушылар мен мұғалімдер, ата-аналардан құралған экотоптар жинақтау, жұмыс барысымен таныстыру. Экосенбіліктер ұйымдастыру.	Қазан 2023ж.	Жаратылыстану әдістемелік бірлестік мүшелері
3	Келесі жылға гүл тұқымдарын жинау, мектеп ауласына көп жылдық гүлдер, жеміс ағаштарының көшеттерін егу.	Қыркүйек, Қазан 2023ж.	Жаратылыстану әдістемелік бірлестік мүшелері және оқушылар.
4	Мектеп дәліздерін көгалдандыруды жалғастыру. «1050 бала – 1050 гүл» акциясын одан әрі жетілдіру.	Қараша 2023ж.	Әлібаева Г.Б Каратаева К.М және оқушылар
5	Оқушылар арасында экологиялық білім беруді жетілдіру: Экологиялық тренинг өткізу, ғылыми жобалар жасауға бағыттау.	Қараша, желтоқсан 2023ж.	Жаратылыстану әдістемелік бірлестік мүшелері
6	«Жасыл желек өмірін сақтайық!» қағаз қалдықтарын жинау акциясы	Қаңтар 2024 ж.	Оқушылардан құралған экобелсенділер.
7	Білім алушылардың дайындаған жоба жұмысын тәжірибе жүзінде жүзеге асуын тексеру	Ақпан 2024ж.	Жаратылыстану әдістемелік бірлестік мүшелері
8	Жылыжай кешенін салу (қара топырақ, тыңайтқыштар, т.б қажетті құралдарды дайындау) Гүл көшеттерін егу	Наурыз 2024ж.	Мектеп әкімшілігі, жаратылыстану әдістемелік бірлестік мүшелері
9	Мектеп ауласында көшет егу жұмыстарын жүргізу (жеміс ағаштары, шырша, арша)	Сәуір 2024ж.	Жаратылыстану әдістемелік бірлестік мүшелері және оқушылар.
10	Мектеп ауласында көшет егу жұмыстарын жандандыру (гүл көшеттері)	Мамыр 2024ж.	Әдістемелік бірлестік мүшелері және оқушылар.
11	Мектеп ауласы мен жылыжайдағы екпе жұмыстарын қадағалау, баптау, нәтижесін көру.	Маусым-тамыз 2024	Жаратылыстану әдістемелік бірлестік мүшелері және оқушылар.

2023-2024 оқу жылы барысында «Жарқын болашаққа қадам» жобасы аясында көптеген жұмыстар атқарылды. Жыл басында мектеп оқушылары және мұғалімдер бірлесе отырып, экосенбіліктер ұйымдастырдық. Мектеп ауласындағы ағаштардың түптері қопсытылды, артық қалдықтар тазартылды, ағаштың ескірген бұталары кесілді.



Қазан айында оқушылардан жиналған экологиялық топ мүшелерімен бірлесе отырып, гүл тұқымдарын жинадық. Жиналған тұқымдарды сұрыптап, кептіріп, арнайы ыдыстарға орналастырдық. Алдағы көктемде аулаға егілетін гүлдер жоспарланды.



Биология сабақтарында осы жұмыстар пәннің практикалық бөлімімен байланыстырылып, оқушылармен талданды.

Мектеп дәліздерін көгалдандыру мақсатында «1050 бала – 1050 гүл» акциясын жүзеге асты. Бұл шараға мектеп мұғалімдері, ата-аналар, оқушылар бірлесе атсалысты. Осы жоғары деңгейде жүргізілген жұмыстың нәтижесінде мектеп дәліздері гүлмен көмкерілді.




«Жасыл желек өмірін сақтайық!» қағаз қалдықтарын жинау акциясына 9 класс оқушылары белсене қатысып, осы жұмыс аясында қағаз қалдықтарын өңдеу мен қайта қолдану бойынша жұмыстар жасады. Оқушылар қағаз қалдықтарын қайта өңдеп, сурет салатын қатты қағаздар, көркемдік ыдыстар, т.б жасады. Осы жұмыстарды жүргізе отырып, оқушылар өз қызығушылықтарын ғылыми жобамен жалғастыруды қолға алып жатыр.



«Тірі табиғат» бұрышы

Мектебіміздегі табиғат бұрышы өткен оқу жылынан бастап ұйымдастырыла бастады. Алғашында мектептегі гүлдер саны мен түрлерін көбейте бастасақ, осы оқу жылында жануарларды әкеліп, баптауды қолға ала бастадық. Басында көптеген қиындықтар кездесті. Мәселен аквариумдағы балықтарымыз жерсінбей қайтадан балықтар алдық. «Желаяқ» атты тасбақамыз өте тәртіпті. Оқушылар оны баптап, аптасына бір рет шомылдырып, күн сайын тамақтандырады. Әр кездерде алған тотықұс, шымшықтарымыздың аттары да бар. Бұл жылы жақта мекендейтін құстар болғандықтан ерекше күтімді қажет етеді. Аптасына бір рет тазалық жұмысын жүргізіп, күн сайын суарып, жемін салатындар да оқушылар. Күнделікті іс-әрекеттерін, мінез-қылықтарын бақылайды. Тіршілік иелері аса көп болмаса да, осы құстардың сайраған үні адамды ерекше сезімге бөлейді және оқушылар үшін көз қуандыраар орын.


Тірі табиғат бұрышының атмосферасы оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға жағымды әсер етіп, қуаныш сыйлайтынын байқадық. Осы оқушыларды психологиялық тұрғыда қолдау мақсатында ТІРІ ТАБИҒАТ бұрышында бірлесе жұмыс жасауға тарттық. Олар гүлдерді суарып, құстарға жем-су беруге көмектеседі. Тасбақа өмірін бақылап, балықтарды қоректендіреді. Осындай жағдай қалыптастыру арқылы ерекше білім алушы балаларға оқуда жетістікке жетуге ықпал етуге, мектеп өміріне, қоғамға белсене араласуға мүмкіндік беруге, қабілеттерін ашуға болады деп ойлаймыз.




МЕКТЕБІМІЗДІҢ АҚВАРИУМЫ



ТОТЫ ҚҰСТАР





«Желаяк» атты тасбақамыз









«АКТӨБЕ - ДАРЫН» ӨНІРЛІК ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
ҚОСЫМША ҒЫЛЫМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ



Aktobe Daryn

II дәрежелі

ДИПЛОМ

Республикалық «Pro Eco» экологиялық жобалар конкурсының
облыстық кезеңіне қатысып, қабілетін жоғары дәрежеде
көрсете білгені үшін

Ақтөбе қаласы
№39 қазақ орта мектебі

АҚБАЙ РАУШАН

МАРАПАТТАЛАДЫ

Жетекшісі: Каратаева Кенжегүл Мәдеубаевна
Утегенова Айбану Қайратқызы

Директор



Ж.Есенжолова

Ақтөбе, 2024 жыл



«АКТӨБЕ - ДАРЫН» ӨНІРЛІК ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
ҚОСЫМША ҒЫЛЫМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ



Aktobe Daryn

II дәрежелі

ДИПЛОМ

Республикалық «Pro Eco» экологиялық жобалар конкурсының
облыстық кезеңіне қатысып, қабілетін жоғары дәрежеде
көрсете білгені үшін

Ақтөбе қаласы
№39 қазақ орта мектебі

ОРАЛМАҒАНБЕТОВА БАЛНҰР

МАРАПАТТАЛАДЫ

Жетекшісі: Каратаева Кенжегүл Мәдеубаевна
Утегенова Айбану Қайратқызы

Директор



Ж.Есенжолова

Ақтөбе, 2024 жыл



«ӘДІСТЕМЕЛІК КАБИНЕТ» КММ



КГУ «МЕТОДИЧЕСКИЙ КАБИНЕТ»

III ДӘРЕЖЕЛІ
ДИПЛОМ



Жалпы және қосымша білім беру ұйымдарының оқушылары арасында
ұйымдастырылған «МЕНИҢ КІШІ ОТАНЫМ» шығармашылық жоба
байқауында 5-8 сыныптар арасында

«Табиғатты пайдалану және халық-тұрғындар мәселелері»
номинациясы бойынша үздік нәтиже көрсеткені үшін

№ 39 Қ.О. ЖБББМ 8-кл
Азбай Бауыжан, Оралмаханбетовна

МАРАПАТТАЛАДЫ

Жетекшісі Молдашова Ж. А. Чиркина Т. А.

«Әдістемелік кабинет» КММ
директоры



А. Сүлейменова

№ 3980

Ақтөбе қаласы, 2024 жыл

«ӘДІСТЕМЕЛІК КАБИНЕТ» КММ



КГУ «МЕТОДИЧЕСКИЙ КАБИНЕТ»

АЛҒЫС ХАТ

Ақтөбе қаласының 155 жылдығына орай №17 гимназияда
«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында өткізілген
«Табиғатты болашақ үшін сақтайық» атты қалалық экологиялық
байқауында белсене қатысқаны үшін

№ 39 Қ.О. ЖБББМ 8-кл
А.С. Молдашова, Р. Чиркина

МАРАПАТТАЛАДЫ

«Әдістемелік кабинет» КММ
директоры



А. Сүлейменова

№ 4114

Ақтөбе қаласы, 2024 жыл

«ӨРЛЕУ» БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША КӘСІБИ ДАМУ ИНСТИТУТЫ

ӨРЛЕУ

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ
ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

АЛҒЫС ХАТ

«МЕКТЕПТЕГІ ЖОБАЛЫҚ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ: ҒЫЛЫМҒА ҚАДАМ БАСУ»
ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯҒА ӨЗ БАЯНДАМАСЫН
ҰСЫНЫП, ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ АТСАЛЫСЫП, САЛМАҚТЫ ОЙ МЕН ҚҰНДЫ ПІКІРЛЕРІМЕН
КӘСІБИ ДЕҢГЕЙДЕ БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТҚАНЫ ҮШІН

УТЕГЕНОВА АЙБАНУ ҚАЙРАТҚЫЗИНА

Директор



И.Абишева

Ақтөбе, 2024 жыл

«ӘДІСТЕМЕЛІК КАБИНЕТ» КММ



КТУ «МЕТОДИЧЕСКИЙ КАБИНЕТ»

I дәрежелі

ДИПЛОМ



5-8 класс оқушыларына арналған Республикалық «ProEco» экологиялық
жобалар байқауының қалалық кезеңінде "Таза қала сізден басталады"

бағыты бойынша үздік нәтиже көрсеткені үшін

№39 ҚОЖББМ

Ағбай Раушан, Оралмағанбетова Балнұр

марапатталады

Жетекшісі: Каратаева Кешкегул, Утегенова Айбану

"Әдістемелік кабинет" КММ
директоры



А.Сүлейменова

№ 5676

Ақтөбе қаласы, 2024 жыл











«Жарқын болашаққа қадам» экожобасының 2023-2024 жылдарға арналған жұмыс жоспарына сәйкес сәуір-мамыр айларында мектеп айналасына 50 түп терек, 6 қарағай көшетін отырғызып, гүлдер егілді. Осы жұмыстарды жандандыру мақсатында «Экоәлем» атты жазғы эколагерь жасақталып, жоспары бекітілді.

№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебі 03.06-14.06.2024 ж. аралығындағы «Экоәлем» экологиялық лагердің

Мақсаты:

1. Ақтөбенің 155-жылдығы қарсаңында туған өлкені жақынырақ танып-білгізу. Туған жер, атамекен, қоршаған орта ұғымдары арқылы патриоттық сезімін қалыптастырып, болашақта туған жерінің тұғыры болатындай жастарды тәрбиелеу;
2. Оқушылардың экологиялық-биологиялық көзқарасын, санасын, табиғатқа деген үлкен парасаттылықты, жауапкершілікті, қарым-қатынасты қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Өмірде және нақты іс-әрекетте биологиялық, экологиялық білімді қолдана білу, іскерлікке төселу
2. Табиғатты қорғау және өзгертуге байланысты оқушыларды жаппай қоғамдық пайдалы іске баулу. Мектепте экологиялық білім мен тәрбие қоғамын ұйымдастыру
3. Оқушыларды табиғатты қорғау мәселелері туралы ғылыми-теориялық және тәжірибелік біліммен қаруландыру.

№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебі 03.06-14.06.2024 ж.

аралығындағы «Экоәлем» экологиялық лагердің

БАҒДАРЛАМАСЫ

Күні	Өткізілетін шара атауы	Уақыты	Орны
1-күн 03.06	Қатысушылардың келуі, тіркелуі Өзара танысу, топқа бөлу(тренинг). Саяхат. Сазды елді мекені маңындағы шегіршін, қайың ормандарына бару. Саяхатты қорытындылау.	9.00-9.30 9.30-10.30 10.30-11.30 11.30-12.00	Мектеп Лагерь залы Сазды елді мекені Лагерь залы
2-күн 04.06	Таңертеңгі ойын-тренинг «Қоршаған ортаны қорғау және осы бағыттағы іс-шаралар. Экологиялық қозғалыстағы жастардың ролі.» Әр топ өзіне ат, ұран, төсбелгі, ән даярлайды. Денсаулық саябағына саяхат	9.00-9.30 9.30-11.00 11.00-12.00	Лагерь залы Лагерь залы Батыс-2 ауданы
3-күн 05.06	Таңертеңгі экологиялық ойын-тренинг Саяхат. Қарғалы өзені жағасындағы өсімдіктер тіршілігімен танысу Саяхатты қорытындылау	9.00-9.30 10.00-11.30 12.00	Мектеп ауласы Табиғат аясы Лагерь залы
4-күн 06.06	Ойын-тренинг Экологиялық галерея(осының алдындағы үш саяхат бойынша) Мектеп ауласындағы гүлдер мен ағаштар түрлерін, тіршілігін бақылау, гербарий дайындау	9.00-10.00 10.00-11.00 11.00-12.00	Таза ауада Лагерь залы Мектеп ауласы

5 -күн 07.06	Экологиялық-спорттық ойындар ойнау (шеңбер, секіргіш т.б)	9.00-10.00	Таза ауада
	Ғылыми жоба бойынша зерттеу жұмыстары, бақылау, зерделеу, тәжірибелер жасау	10.00-11.00	Лагерь залы
	Саяхат. Табиғат аясы	11.00-12.00	
6-күн 10.06	Сергіту ойындары	9.00-10.00	
	Тұңғыш президент Н.Ә.Назарбаев саябағына саяхат	10.00-11.30	Саябақ
	Бөлме гүлдерінің тіршілігін зерттеп, қамқорлық жасау	11.30-12.00	Лагерь залы
7-күн 11.06	Таңертеңгі сергіту ойындары	9.00-.10.00	Мектеп ауласы
	Экологиялық фотосуреттер мен бейне роликтер жасау, қорғау	10.00-11.00	Лагерь залы
	Бассейнге бару	11.00-12.00	Бассейн
8-күн 12.06	Таңертеңгі сергіту ойындары «Тірі табиғат» бұрышын қарау, тазалау Мектеп ауласының гүлдерін суару	9.00-12.00	Мектеп ауласы, лагерь залы
9-күн 13.06	Таңертеңгі жаттығу-тренинг	9.00-09.30	Мектеп ауласы
	Дәріс-әңгіме «Зиянды әдеттерден аулақ болайық» (темекі, алкоголь, артық ұйқы, салмақ, бос жүріс, т.б)	09.30-10.30	Лагерь залы
	Өлкетану мұражайына саяхат	11.00-12.00	Мұражай

10-күн 14.06	Ойын-тренинг	09.00-09.30	Мектеп ауласы
	«Ақтөбеге 155 жыл» осы уақытқа дейінгі жасаған жұмыстарды жинақтау, жоба даярлау, қорғау	10.00-11.00	Лагерь залы
	Лагердің жабылу салтанаты, қорытындылау.	11.00-12.00	Лагерь залы

Тұрақты дамудың 15-мақсатын жүзеге асыру жолындағы **«Жарқын болашаққа қадам»** атты жобаның 2023-2024 оқу жылындағы жұмыстарын қорытындылай келе, бұл жұмыстар одан әрі қарай жалғасын табады деп айтуға болады, себебі адамзатты қоршаған ортадан тыс елестете алмаймыз, Жер-ортақ мекен.